

**«Фавипиравир» дәрілік затын ерекше сатып алу  
қорытындысы туралы хаттама**

**Нұр-Сұлтан қ.  
Есіл ауданы,  
Достық к-сі, 13/3 үй**

**14 шілде 2020 жыл**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 19-тарауына және «Фавипиравир» дәрілік затын ерекше сатып алу туралы» «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма Төрағасының 2020 жылғы 08 шілдедегі № 12-2/224 бұйрығына сәйкес, комиссия құрамы:

1. Искалиев Е.С. - Басқарма төрағасы, комиссия төрағасы;
2. Омарова Г.А. - басқарушы директор - Басқарма мүшесі, комиссия төрағасының орынбасары;
3. Иманбердиев К.Б. - басқарушы директор - Басқарма мүшесі;
4. Ақуев А.А. – сатып алу басқармасының бастығы;
5. Коскельдинова А.К. - құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы;
6. Мубарақов А.К. – аналитикалық жұмыс басқармасының бастығы;
7. Жакипова Э.Ж. - өнім берушілерді және отандық тауар өндірушілерді сүйемелдеу басқармасының бастығы (бұдан әрі – Комиссия),

«Фавипиравир» дәрілік затын ерекше сатып алуға қатысу үшін 2020 жылғы 10 шілде сағат 15.00-ге дейін комиссия хатшысының электрондық поштасына келіп түскен өтінімдерді қарап, **АНЫҚТАДЫ:**

1. 2020 жылғы 7 шілдеде «СҚ-Фармация» ЖШС-нің [www.sk-pharmacy.kz](http://www.sk-pharmacy.kz) интернет-ресурсында әлеуетті өнім берушілердің шектелмеген саны үшін коронавирустық инфекцияның одан әрі таралуын болдырмауға арналған «Фавипиравир» дәрілік затын ерекше сатып алуға қатысу үшін шақыру орналастырылды:

Атауы	Сипаттамасы	Өлшем бірл.	Мөлшері	Бірлігі үшін бөлінген баға, теңге	Бөлінген сома, теңге
Фавипиравир	таблеткалар 200 мг	таблетка	700 000	532,09	372 3 000

2. Келесі әлеуетті өнім берушілер қатысуға өтінімдер ұсынды:

Атауы, БСК	Мекен-жайы	Күні мен уақыты, e-mail	Саудалық атауы, өндіруші	Бірлік үшін бағасы, теңге
«Demeu Pharma» ЖШС 000340000436	Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғ, 10 ғим., 3 қабат.	10.07.2020 ж. 12:53 kairat@demeuphar ma.kz	FAVIVIR, үлбірлі қабықпен қапталған 200 мг таблеткалар, Pharmed Healthcare Company CAE, Египет	492

«ФАРМ-ТРЕЙД-НТ» ЖШС 030240013063	Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа ауд, Самал шағынауданы, 12 үй.	10.07.2020 ж. 13:52 9478367@mail.ru	Фавмак (фавипиравир), таблеткалар, 200 мг. № 100, Маклеодс Фармасьютикалс ЛТД, (Macleods Pharmaceuticals Ltd.) Индия	532
«NF Pharma» ЖШС (НФ Фарма) 060340006723	Алматы қ., Достық даңғ., 38 үй.	10.07.2020 ж. albina@nfpharma. kz	Ciplenza, таблеткалар, 200 мг. Cipla Limited Индия	380
«СТОФАРМ» ЖШС 031240000544	Қостанай обл., Қостанай ауд., Тобыл қ., 40 лет Октябрь к-сі., 74 үй.	10.07.2020 ж. 14:40 sntcivenko@stoph arm.kz	Фавипиравир, 200мг таблеткалар, блистерде 10 таблеткадан, қаптамадан 10 блистерден, Strides Pharma Science Limited, India	531,50
«медак фарма» ЖШС 150140020285	Алматы қ., Бостандық ауд., Гагарин даңғ., 309 үй, 55 пәтер.	10.07.2020 ж. 14:42 I.Timershina@me dac.de	Кемфлу, 200 мг таблеткалар, бір қаптамада 100 дана, Синеком Фармасьютикалс ЛТД, Индия	491
«SaaPharma» ЖШС 130240009650	Алматы қ., Медеу ауд., Достық даңғ., 38 үй, 705 кеңсе	10.07.2020 ж. 14:43 albina.omirzhanov a@gmail.com	Faviavir, 200 мг таблеткалар ADSILA ORGANICS PVT.LTD, Индия	400
«АК НИЕТ» ЖШС 960240000114	Нұр-Сұлтан, Амангелді Иманов к-сі., 50 үй	10.07.2020 ж. 14:39 b.khalmetova@ak- niet.kz	Фавиковид, 200 мг таблеткалар Optimus Pharma Private Limited, Индия	519
«МЕДСЕРВИС ПЛИОС» Қазақ фармацевтикалық компаниясы» ЖШС 971240001494	Алматы қ., Алмалы ауд., Маметова к-сі., 54 үй	10.07.2020 ж. 14:56 tender6@medservi ce.kz	ФабиФлю, Таблетка 200 мг Glenmark Pharmaceuticals Limited, Индия	288,40

3. Келесі әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері Қағидалардың талаптарына және (немесе) мынадай негіздер бойынша ерекше сатып алуға қатысу үшін шақыру шарттарына сәйкес келмейді:

1) **«Demeu Pharma» ЖШС:**

ерекше сатып алуға қатысу үшін шақыру шарты бұзылған, жеткізу кестесі шақырудың 1-қосымшасына сәйкес келмейді;

2) **«ФАРМ-ТРЕЙД-НТ» ЖШС:**

ерекше сатып алуға қатысу үшін шақыру шарты бұзылған, жеткізу кестесі шақырудың 1-қосымшасына сәйкес келмейді;

Қағидалардың 214-тармағының 2) тармақшасы және 372-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы бұзылған, Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көзделген дәрілік заттың мемлекеттік тіркеуі туралы талаптардың орындалғанын растайтын құжат көшірмесі ұсынылған жоқ;

3) **«NF Pharma» (НФ Фарма) ЖШС:**

Қағидалардың 214-тармағының 2) тармақшасы және 372-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы бұзылған, Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көзделген дәрілік заттың мемлекеттік тіркеуі туралы талаптардың орындалғанын растайтын құжат көшірмесі ұсынылған жоқ;

4) **«СТОФАРМ» ЖШС:**

ерекше сатып алуға қатысу үшін шақыру шарты бұзылған, жеткізу кестесі шақырудың 1-қосымшасына сәйкес келмейді;

Қағидалардың 214-тармағының 2) тармақшасы және 372-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы бұзылған, Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көзделген дәрілік заттың мемлекеттік тіркеуі туралы талаптардың орындалғанын растайтын құжат көшірмесі ұсынылған жоқ;

5) **«SaaPharma» ЖШС:**

Қағидалардың 214-тармағының 2) тармақшасы және 372-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы бұзылған, Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көзделген дәрілік заттың мемлекеттік тіркеуі туралы талаптардың орындалғанын растайтын құжат көшірмесі ұсынылған жоқ.

4. **«медак фарма» ЖШС, «АК НИЕТ» ЖШС және «МЕДСЕРВИС ПЛЮС» Қазақ фармацевтикалық компаниясы» ЖШС** әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері шақыру шарттарына және Қағидалар талаптарына сәйкес келеді. «МЕДСЕРВИС ПЛЮС» Қазақ фармацевтикалық компаниясы» ЖШС әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы ең төмен болып табылады, бұл оны Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасына және 253-тармағына сәйкес жеңімпаз етіп таңуға мүмкіндік береді.

5. Әлеуетті өнім берушілердің құжаттарын қарау нәтижелері бойынша, Комиссия, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-бабының 1-тармағын, Қағидалардың 3, 20, 212, 214, 247, 253, 372-тармақтарын басшылыққа алып, **ШЕШТІ:**

1) Қағидалардың 247-тармағы 3) тармақшасының негізінде, шақыру шарттарына сәйкес болмауына байланысты **«Demeu Pharma» ЖШС** әлеуетті өнім берушінің өтінімін қабылдамау;

2) **«ФАРМ-ТРЕЙД-НТ» ЖШС** әлеуетті өнім берушінің өтінімін:

Қағидалардың 247-тармағы 3) тармақшасының негізінде, шақыру шарттарына сәйкес болмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 20) тармақшасының негізінде, Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көзделген дәрілік заттың мемлекеттік тіркеуі туралы талаптардың орындалғанын растайтын құжат көшірмесінің ұсынылмағанына байланысты қабылдамау;

3) Қағидалардың 247-тармағы 20) тармақшасының негізінде, Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көзделген дәрілік заттың мемлекеттік тіркеуі туралы талаптардың орындалғанын растайтын құжат көшірмесінің ұсынылмағанына байланысты **«NF Pharma» (НФ Фарма) ЖШС** әлеуетті өнім берушінің өтінімін қабылдамау;

4) Қағидалардың 247-тармағы 20) тармақшасының негізінде, Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көзделген дәрілік заттың мемлекеттік тіркеуі туралы талаптардың орындалғанын растайтын құжат көшірмесінің ұсынылмағанына байланысты **«SaaPharma» ЖШС** әлеуетті өнім берушінің өтінімін қабылдамау;

5) **«СТОФАРМ» ЖШС** әлеуетті өнім берушінің өтінімін:

Қағидалардың 247-тармағы 3) тармақшасының негізінде, шақыру шарттарына сәйкес болмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 20) тармақшасының негізінде, Қағидалардың

20-тармағының 1) тармақшасында көзделген дәрілік заттың мемлекеттік тіркеуі туралы талаптардың орындалғанын растайтын құжат көшірмесінің ұсынылмағанына байланысты қабылдамау;

б) Қағидалардың 253-тармағының негізінде әлеуетті өнім беруші ұсынған сауда атауы, сипаттамасы және осы Хаттаманың 2-тармағында көрсетілген бағасымен «МЕДСЕРВИС ПЛЮС» Қазақ фармацевтикалық компаниясы» ЖШС әлеуетті өнім беруші сатып алудың жеңімпазы деп танылсын.

Осы Хаттама «СҚ-Фармация» ЖШС-нің интернет-ресурсында 2020 жылғы 14 шілдеден кешіктірілмей жариялануға жатады.

**Комиссия төрағасы**

**Е. Искалиев**

**Комиссия төрағасының орынбасары**

**Г. Омарова**

**Комиссия мүшелері:**

**К. Иманбердиев**

**А. Коскельдинова**

**А. Акуев**

**Э. Жакипова**

**А. Мубараков**

**Комиссия хатшысы**

**А. Сатенова**